



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНА БІР ЖЫЛ: АЙМАҚТЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН КЕЛЕШЕГІ

2018 жылы 19-маусымда Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жарлығымен Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан облысы болып өзгертіліп, оның орталығы Түркістан қаласына көшті. Ал, Шымкент қаласы республикалық маңызы бар қала мәртебесіне ие болды. Сонымен қатар, облыстағы әкімшілік территориялық өзгерістер Мақтаарал ауданынан Жетісай, Сарыағаштан Келес ауданының бөлініп шығуымен сипатталды. Қайта жанданып жатқан облыстың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеру үшін мемлекет тарапынан көптеген бағдарламалар мен жоспарлар құрылуда. Соның ішінде, «Түркістан облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2024 жылға дейінгі кешенді жоспарының» орны ерекше. Жоспар құрылымы жағынан 116 ұйымдастырушылық және іске асыру шараларынан тұрады.

Облыс орталығын дамыту екі түрлі бағытта жүргізілуде. Біріншісі, тарихи қала Түркістанды облыс орталығы ретінде көркейтуді, екіншісі, Түркістан қаласынан тыс стратегиялық маңызы бар елді мекендерді дамыту болып табылады. Қазіргі кезде осы мақсаттарды жүзеге асыру бойынша облыс көлемінде көптеген жұмыстар жүргізілуде. Бірінші мәселе, Түркістан қаласы бойынша қарастыратын болсақ халықты тұрғын үймен қамту мәселесі тұр. Бұл бойынша 2019 жылдың мамыр айына дейін облыс бойынша барлығы 1724 пәтер пайдалануға тапсырылған. Сонымен қатар, әкімшілік ғимараттар, музей, театр, мектептер, ауруханалар және көп қабатты тұрғын үйлердің құрылысы басталған. Қаланың инженерлік инфрақұрылымын жақсарту мақсатында бірқатар жұмыстар жүргізілді. Көне қаланың инфрақұрылымын жақсарту заманауи стандарттарға сәйкес цифрлы технологиялармен жабықталуда. Мысалы, ақылды аялдамалар, «e-shanpaq» – ақылды тұрғын үй, әуенді су бұрқақтар, көшелерге бейне бақылаулардың орнатылуы және т.б. Облыс халқының өмір сапасын арттыру мақсатында өңірдегі ауыз су, жылу, газбен қамту мәселелері оңтайлы шешім тауып келеді. Түркістан облысының экономикалық қуатын арттыру мақсатында өңірге инвестиция тарту жолға қойылып келеді. Қазірдің өзінде облыста «Turkistan Invest», «Khansuar invest» және т.б. инвестиция тартуға бағытталған компаниялар өз қызметтерін ұсынып отыр. Облысқа тартылып жатқан инвестицияның негізгі бағыты ауыл шаруашылық саласы, баламалы электр энергиясын өндіру, өңдеу өнеркәсіптеріне бағытталған. Қазіргі кезде, өңірдегі өңдеу өнеркәсібінің көлемі 236,9 млрд. теңгені құрап, өсім 100,7%-ға жеткен. Ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім көлемі 544,3 млрд. теңгені құрап отыр. Бұл өз кезегінде облыста жаңа жұмыс орындарының ашылуына түрткі болып отыр. Бір жыл ішінде 3315 жаңа жұмыс орны ашылды.

Бұл 2017-2021 жж. арналған кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасының аясында жүзеге асып отыр. Сондай-ақ, Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеру үшін өңірде «Turkistan» экономикалық аймағы құрылған. Нәтижесінде облыс орталығы Түркістан қаласында ауқымды құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Қазақстан бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруден алғашқы орындарды иемденіп отырған өңір үшін экономикалық өсу ауыл шаруашылығы әлеуетімен тікелей байланысты. Бұл тұрғыда облыс аймақтарында ет, сүт және бау-бақша өнімдерін өндіретін зауыттар мен кешендер жұмыс істеп келеді. Бұл шараларға мемлекет тарапынан «Бизнесі жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында қолдау көрсетіліп отыр. Осыған сәйкес, Түркістан облысындағы шағын және орта бизнес субъектілерінің көбеюі, облыс экономикасының диверсификациялануына және отбасылық кәсіпкерліктің дамуына жағдай жасап отыр.

Мыңдаған жылдық тарихы бар Түркістан қаласының туризм саласында алатын орны ерекше. Келешекте бұл сала өңір экономикасының басты бағытына айналуы тиіс. Облыстағы туризмнің дамуы бүгін ғана басталып отырған жоқ. Ол дәстүрлі түрде жалғасқан халық жадындағы ұлы тұлғалардың жерленген жері (пантеоны), ғұрыптық түсініктерімен тікелей байланысты. Бұдан басқа, Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Түркістан облысындағы 1000-нан аса археологиялық ескерткіш облыстың этнотуризмдегі әлеуетін көтереді. Облыстағы мәдени туризмді дамыту мақсатында Түркістан қаласының бейнелеу өнер музейі, «Ұлы дала елі» орталығы, Опера және балет театры, «Түркі әлемі орталығы», «Күлтөбе» аспан астындағы музейі және т.б. нысандардың құрылысы басталған. Бұл құрылыс нысандарынан басқа облыс территориясындағы табиғи қорықтар мәдени туризмнің негізгі объектісі болып табылады. Сонымен қатар, облыстағы Шардара су қоймасының жағай туризмін дамытуға мол мүмкіндігі бар. Қазірдің өзінде Шардараның туристік әлеуетін арттыру мақсатында инженерлік инфрақұрылымдық жүйелердің жұмысына 120 млн. теңге қаржы қарастырылған. Сондай-ақ, Сарыағаш шипажайлары мен сауықтыру кешендерінің де жергілікті туризм үшін берері мол. Себебі, Сарыағаш шипажайларының қызметтері тек еліміз ғана емес, сондай-ақ, жақын шетелдерге де белгілі. Бұл тұрғыда Түркістан облысының туристік нысан ретіндегі «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасында» ТОП-10 қатарына еніп, облысқа жылына 1,5 млн. турист тартылуы қажет деп көрсетілуі құлтарлық нәрсе деп білеміз.

Жалпы, облыстағы әкімшілік-территориялық өзгерістерден кейін өнеркәсіп

өнімінің 50%-дан астамы Шымкент қаласында қалып қойды. Бұл облыстағы шағын қалалардың маңызының жоғарылауының көрсетеді. Сонымен қатар, осы жағдай облыс көлемінде өнеркәсіп саласын жаңа бағыттарын жолға қоюға және дәстүрлі ауыл шаруашылығын одан әрі дамытуға серпін беріп отыр. Қазіргі кезде республика бойынша ауыл шаруашылығы өнімінің 12,5%, мақтаның 100%, жүзімнің 72,5% және жылыжай шаруашылығының 80%-ы құнарлы оңтүстік өңіріне тиесілі. Бұл өңір экономикасы үшін үлкен перспектива болып табылады.

Жоғарыда келтірілген, «Түркістан облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2024 жылға дейінгі кешенді жоспары» бойынша облыс бойынша іске асырылатын жобалар бойынша 2024 жылы облыстың ЖӨӨ көлемі 1,7 есеге өсіп, 2 552 млрд. теңгеге дейін ұлғаятын болады. Оның негізгі құрылымы: өнеркәсіп – 25,8%; ауыл шаруашылығы – 21,7%; көлік және байланыс – 13,0% салаларының үстемдігінен тұрады. Сонымен қатар, жоспар бойынша 2024 жылға қарай ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 2,1 есе артып, 1 025 млрд. теңгені құрайды. Өнеркәсіп саласы да 1,5 есеге артып, 650 млрд. теңгені құрайтын болады. Бұл сала бойынша 46 жоба іске асырылып, 10 мыңнан астам жаңа жұмыс орындары ашылды деп күтілуде. Ал, туризм саласы бойынша 2024 жылға қарай Түркістан өңіріне келетін туристердің саны 3 есе өсіп, инвестиция көлемі 5 есеге артады. Қазіргі кезде облыстың ел ішіндегі және халықаралық статусын көтеру мақсатында халықаралық әуежай құрылысының негізі қаланды. Сонымен қатар, Түркістан-Ташкент қалалары арасында жоғары жылдамдықпен жүретін пойыздарға арналған темір жол салу жоспарлануда.

Қорытындылай келе, Түркістан облысы құрылғалы бергі бір жыл ішінде аймақтың экономикалық, әлеуметтік және мәдени өмірінде елеулі өзгерістер орын алды. Бір жыл ішінде аймақ экономикасына жасалған инвестициялардың қарқынды түрде өсуі және жаңа іскерлік мүмкіндіктерінің ашылуы болашақта аймақтың экономикалық дамуы мен әлеуметтік әл-ауқатына ықпал ететін болады. Облыс орталығы Түркістан қаласындағы мәдени нысандарды жаңғырту және қайта құру қаланың рухани маңыздылығын арттырып, туризмді дамытуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, «Түркістан облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2024 жылға дейінгі кешенді жоспары» шеңберінде аймақтағы өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және қызмет көрсету салаларының қарқынды дамуы алдағы кезеңде тек Қазақстанның оңтүстік өңірін ғана емес, сондай-ақ жалпы елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына септігін тигізеді.

Жазушы: Дәулет Жайлыбаев,

Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Қазақстан

Саясат, сыртқы қатынастар және қауіпсіздік

- Қазанға жұмыс сапары барысында Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов Татарстан Президенті Рустам Миннихановпен кездесті. Келіссөздер барысында тараптар саяси, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық, ғылыми және білім беру салаларындағы мәселелерді, сондай-ақ Түрікменстан мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастықтың болашақ бағыттарын талқылады.
- Ауғанстан басшысының Ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі Хамдулла Мохиб бастаған Ауғанстан делегациясы жұмыс сапарымен Түрікменстанға келді. Түрікменстан Сыртқы істер министрлігінде өткен келіссөздер барысында тараптар өзара мүдделі мәселелерді, соның ішінде Түрікменстан-Ауғанстан-Пәкістан-Үндістан газ құбыры, сондай-ақ Түрікменстан-Ауғанстан-Пәкістан бағытындағы электр желілері мен талшықты-оптикалық байланыс жүйесінің құрылысын қарастырды.
- Түрікменабад қаласында мемлекетаралық шекараны делимитациялау және демаркациялау мәселелері бойынша бірлескен Түрікменстан-Өзбекстан үкіметаралық комиссиясы жұмыс топтарының кезекті отырысы өтті. Келіссөздер барысында тараптар жобалық демаркациялық сызықты тарту туралы ұсыныстарды қарастырды жалғастырды және шекарада аэрофототүсіруге қойылатын талаптардың жобасын әзірледі.
- Ядролық жабдықтаушылар тобының (ЯЖТ) пленарлық отырысы барысында Қазақстан 48 мемлекеттің осы бірлестігіне 2020 жылдың маусым айына дейінгі төрағалықты қабылдады.
- ЯЖТ – ядролық қаруды өндіру үшін пайдаланылуы мүмкін сезімтал ядролық материалдардың, жабдықтау мен технологиялардың экспортын бақылау арқылы ядролық қаруды тараптардың алдын алуды көздейтін көпжақты экспорттық бақылау режимі.
- Әзербайжан Сыртқы істер министрі Эльмар Мамедъяров Вашингтонда АҚШ Мемлекеттік хатшысының саяси мәселелер жөніндегі орынбасары Дэвид Хейлмен кездесті. Тараптар екіжақты ынтымақтастықтың саяси күн тәртібіндегі бірқатар мәселелерді, соның ішінде Таулы Қарабақ қақтығысы бойынша келіссөздер жүргізудің қазіргі жай-күйін талқылады және аймақтық энергетика мен көлік жобаларын қоса алғанда, ынтымақтастықты дамытудың басым бағыттары туралы пікір алмасты.
- Тәжікстанның төрағалығымен Венада өткен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕКЫҰ) Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық жөніндегі форумының кезекті жалпы отырысында ЕКЫҰ-ның Орталық Азиядағы атыс қаруы мен жеңіл қару-жарақты және әдеттегі оқ-дәрі қорларын басқару жөніндегі жобалары қарастырылды. Тәжік тарапының мәлімдеуінше, осы іс-шаралар аясында елде 26 мыңнан астам қару-жарақ және 30 тонна әдеттегі оқ-дәрі жойылды.
- ЕКЫҰ Хороғ қаласында тәжік шекарашылары үшін өткізілген үшінші каскадты оқыту бағдарламасын аяқтады. Биылғы жылдың басында Тәжікстанның Хатлон және Согды облыстарында осындай екі іс-шара өткізілген болатын. Үш екі апталық оқу курстары нәтижесінде 100 шекара қызметкері патрульде, бақылау, алғашқы көмек және жедел жоспарлауды тиімді жүргізу бойынша өз білімдері мен дағдыларын арттырды.

Экономика, қаржы және энергия

- Минск қаласында Түрікменстанның төрағалық етуімен Тауелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД) Экономикалық кеңесінің премьер-министр орынбасарлары деңгейіндегі 82-ші кездесуі өтті. Қатысушылар ТМД-ға мүше мемлекеттер арасындағы экономикалық ынтымақтастыққа қатысты мәселелердің кең ауқымын, соның ішінде қызметтердің еркін саудасы туралы келісім жобасын дайындауды талқылады.
- Минск қаласында екіжақты ынтымақтастық жөніндегі Беларусь-Өзбекстан бірлескен үкіметаралық комиссиясының жетінші отырысы өтті. Тараптар мемлекетаралық қатынастардың ағымдағы аспектілері мен перспективалары туралы пікір алмасты. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы, тоқыма және фармацевтика, ғылым мен техника, білім беру, туризм және мәдениет салаларындағы ынтымақтастықты кеңейту туралы келісімдерге қол қойды.
- Ташкент қаласында өткен екіжақты ынтымақтастық жөніндегі Беларусь-Қазақстан үкіметаралық комиссиясының 18-ші отырысында екі елдің премьер-министрлері сауда, экономика, инвестиция, көлік, энергетика, суды пайдалану, ауыл шаруашылығы, туризм және т.б. салалардағы әріптестікті тереңдету жолдарын талқылады. Тараптар сондай-ақ, 1,5 млрд. доллардан асатын 27 құжатқа, оның ішінде «Орталық Азия» халықаралық сауда-экономикалық ынтымақтастық орталығын құру туралы құжатқа қол қойды.
- Ауғанстан, Қытай, Иран, Қазақстан, Ресей және Түркияның БАҚ атынан Өзбекстанда аккредитацияланған шетелдік журналистер тобы «Навои» еркін экономикалық аймағына барып, сол жерде құрылған кәсіпорындардың жұмысымен танысты. 2019 жылдың маусым айындағы жағдай бойынша осы аймаққа 44 кәсіпкерлік субъектісі 191,2 млн. доллар инвестициялады және құны 170,9 млн. долларды құрайтын 32 жоба жүзеге асырылды.
- Түрікменстан делегациясы Ауғанстанның Герат провинциясына жұмыс сапарымен барып, Ауған үкіметінің өкілдерімен келіссөздер жүргізді. Тараптар ТАПИ газ құбырын іске асыруға байланысты мәселелерді талқылап, Торгунди-Герат және Акина-Андхой темір-жол жобаларын кеңейту және Герат қаласына электр энергиясын тарату туралы келісімдерге қол қойды.
- Ұлыбританияның Қырғызстандағы бұрынғы елшісі Робин Орд-Смит бизнес-қауымдастықтар, Қырғыз үкіметі мен Еуропа қайта құру және даму банкінің өкілдерінен тұратын арнайы комиссия тарапынан Қырғызстанның бизнес-омбудсмені болып сайланды. Банк Қырғызстанда омбудсмен қызметін жүзеге асыруға 1,5 млн. еуро бөлуді жоспарлап отыр.
- Тәжікстан Инвестициялар және мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қытайдың Шыңжаң өлкесіндегі Kashgar Xinyu Dadi Mining Investment компаниясымен Таулы Бадашан автономиялық облысының Мұрғаб ауданында орналасқан Яқчилва (Ақжилга) күміс кенін игеру туралы лицензиялық келісімге қол қойды. Бұдан бұрын қазақстандық С.А. Minerals компаниясы игерген кен орнында 205 тонна күміс қоры бар деп болжануда.

Қоғам және мәдениет

- БҰҰ-ның Ғарыштық кеңістік мәселелері жөніндегі басқармасы мен Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі орнықты даму мақсаттарының ілгерілетуі үшін ғарыштық ақпарат, ғарыш ғылымы, технологиялар мен қосымшаларды қолдануда ынтымақтасу туралы меморандумға қол қойды. Құжатқа Венада өткізілген БҰҰ-ның Ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда пайдалану жөніндегі комитетінің 62-ші сессиясы аясында қол қойылды.
- Токиода қоршаған ортаны қорғау бойынша I Жапония-Орталық Азия форумы өтті. Форум аясында климаттың өзгеруі, биологиялық әралуандылық, қалдықтарды басқару, су және ауаның ластануы бойынша отырыстар, сондай-ақ қатысушы елдердің жаһандық экологиялық күн тәртібіндегі мәселелерді шешуі, тәжірибе және ноу-хаумен алмасуы бойынша пікірталастар өткізілді.
- ЕКЫҰ мен Баку порты Әзірбайжан, Қазақстан және Түрікменстанның Каспий теңізіндегі порттары арасында жаңартылатын энергетика, цифрландыру және сауданы жеңілдету саласындағы тұрақты ынтымақтастықты қолдау үшін «Каспий аймағында жасыл порттар мен байланысты дамытуға жәрдемдесу» жобасын іске қосты. Жоба Еуропа қайта құру және даму банкі, БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы және жеке меншік сектордың жетекші сарапшыларымен бірлесіп жүзеге асырылатын болады.
- Қырғызстанның барлық жеті аймағынан келген 30 жас қоғам белсендісі зорлық-зомбылық сипатындағы экстремизм мен терроризмге алып келетін радикализмнің алдын алу бойынша үш күндік жедел тренингке қатысты. Ыстықкөлде ЕКЫҰ қолдауымен өткізілген іс-шара қатысушыларды тиісті нормативтік-құқықтық база, негізгі терминдер мен тұжырымдамалар, толеранттылық пен алуантүрлілік принциптері және зорлық-зомбылықты болдырмау жолдары туралы хабардар етті.
- Тәжікстанға сапары барысында ЕКЫҰ Ұлттық ашылықтар ісі жөніндегі Жоғарғы комиссары Ламберто Заньер Тәжікстанның ресми өкілдерімен және этникалық азшылық өкілдерімен кездесті. Кездесу барысында тараптар елдегі көптілді білім беру мәселелерін талқылады. Атап айтқанда, Заньер Тәжікстанның әртүрлі этностар тұратын Согды провинциясындағы Худжанд университетінде жақында қайта ашылған Өзбек филологиясы бөліміне және Өзбек тілі мектебіне барды.
- Тегеранда Түрікменстан мәдениет күндерінің ашылу салтанаты өтті. Іс-шара бағдарламасына түрікмен өнер және колөнер көрмесі, музыкалық аспаптар мен мұражай құндылықтары, кітап көрмесі, екі елдің мәдениет саласы мамандарының дөңгелек үстелі, түрікмен кинофильмдерінің көрсетілімі және түрікмен суретшілерінің концерті кіреді.
- Әлемнің үздік университеттерінің рейтингі (QS World University Rankings) 16-шы есебі бойынша, Қазақстанның үш жоғары оқу орны әлемнің үздік 500 университеті тізіміне енді. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті және М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті сәйкесінше 207, 418 және 491-ші орынды иеленді.